

"Кеңқияқ-Құмкөл" магистральды мұнай құбырының желілік бөлігі, ВЛ-10 кВ электр желісінің күзет аймақтары шекараларын және олардағы жерлерді пайдалану режимін айқындау (белгілеу) туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 152 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 7228 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 121-бабының 4-тармағына, "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы Заңының 14-бабының 1, 5-тармақтарына, "Электр желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 330 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 15943 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Айқындалсын (белгіленсін):

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Кеңқияқ-Құмкөл" магистральды мұнай құбырының желілік бөлігі, ВЛ-10 кВ электр желісінің күзет аймақтары шекаралары;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес "Кеңқияқ-Құмкөл" магистральды мұнай құбырының желілік бөлігі, ВЛ-10 кВ электр желісінің күзет аймақтарындағы жерлерді пайдалану режимі.

2. "Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі және Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б. Намаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Искаков

Қызылорда облысының әкімі 2020 жылғы 30 қаңтары № 152 қаулысына 1-қосымша

"Кеңқияқ-Құмкөл" магистральды мұнай құбырының желілік бөлігі, ВЛ-10 кВ электр желісінің күзет аймақтары шекаралары

№	Жерлер санаты	Күзет аймақтарының	Құбыр мен электр желісі осінің екі жағынан орнатылатын күзет
---	---------------	--------------------	--

Аудан атауы	шекараларының көлемі, гектар	аймақтарының өлшемі, метр
1 2	3	4 5
1	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	112,0826 25
2	елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жерлері	221,2755 50
3	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	204,1586 50
4	босалқы жерлер	781,4316 50
Жинағы:	-	1318,9483 -
5	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	24,3705 25
6	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	116,858 50
7	орман қорының жерлері	70,8564 50
8	босалқы жерлер	539,3343 50
Жинағы:	-	751,4192 -
9	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	85,5341 50
10	босалқы жерлер	440,5775 50
Жинағы:	-	526,1116 -
11	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	105,7103 25
12	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	110,0412 50
13	босалқы жерлер	403,1209 50
Жинағы:	-	618,8724 -
14	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	75,4175 50
15	босалқы жерлер	182,3116 50
Жинағы:	-	257,7291 -
Барлығы:	-	3473,0806 -

Қызылорда облысының әкімі 2020 жылғы 30 қаңтары № 152 қаулысына 2-қосымша

"Кеңқияқ-Құмкөл" магистральды мұнай құбырының желілік бөлігі, ВЛ-10 кВ электр желісінің күзет аймақтарындағы жерлерді пайдалану режимі

--	--	--

№	Күзет аймағының атауы	Күзет аймақтарындағы жерлерді пайдалану режимі
1	2	3
1	" Кеңқияқ-Құмкөл " магистральды мұнай құбырының желілік бөлігі	"Кеңқияқ-Құмкөл" магистральды мұнай құбырының желілік бөлігі мен ВЛ-10 кВ электр желісінің күзет аймағында: 1) өткелдерді, кара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға; 2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға; 3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге; 4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға; 5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; 6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға; 7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге; 8) ұнғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.
2	ВЛ-10 кВ электр желісі	